

**Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 17 қыркүйектегі XXXII сессиясының "Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының ставкасын және бірыңғай жер салығының ставкасын жоғарылату туралы" № 32/283 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2016 жылғы 18 ақпандағы № 38/325 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 наурызда № 3705 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 17 қыркүйектегі XXXII сессиясының "Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының ставкасын және бірыңғай жер салығының ставкасын жоғарылату туралы" № 32/283 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3421 болып тіркелген, 2015 жылғы 7 қазандағы "Шет Шұғыласы" № 41 (10 557) газетінде, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылдың 23 қазанында жарияланған), келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**";

көрсетілген шешімнің атауы мынандай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы  
Аудандық мәслихаттың  
Хатшысы

К. Қошқарбаева  
Ә. Смағұлұлы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК